

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 қарашадағы N 1104 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 және "Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы" 2005 жылғы 22 маусымдағы N 605 қбү қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне саны 11 бірлік арнайы автокөлікті әуе көлігімен жеткізу үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша 380800 (үш жүз сексен мың сегіз жүз) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі